


БЕКІТЕМІН: 
Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11 - 24.11.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу. Ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру, ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болғанда жуып-шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және әдемілеп орналастыру, шкафтарда тәртіп сақтау, шаңды сүрту.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттері. Үйді өздігінен тазалауды, табиғат мүйісін мекендеушілерге қамқорлық көрсету.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табакты, майлық салатын ыдыстарды, ас ішу құралдарын (қасық, шанышқы, пышак) қойып шығу іскерліктерін жетілдіру.
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер.	Саусақ жаттығуы. "Қолғап" Қане, қолғапты	"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны.	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.	"Түрлі түсті жолақтар" дидактикалық ойын. Максат-міндеттері. Түстерді

	Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	кнеміз, (алақандарды өзара укалау) Бір қолды салып көрсеміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші сыңар қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарын ары-бері қозғау) (сөйлеуді дамыту) Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы". Максат-міндеттері. Ертегі мазмұнын есте жаңғырту. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету. Барысы. Әр баланың үстелінің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табакшаларда түсті боршалар	Максат-міндеттері. Гүлдердің атауларын атау біліктерін жетілдіру. Барысы: - Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тактадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тактадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім бірінші тапса, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. (сөйлеуді дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу "Қысқы қолғап". Максат-міндеттері. Балаларды қолғап пішінін қылқаламды пайдаланып	Максат-міндеттері. Балалардың жабайы және үй жануарларын туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүріс кезегін өткізіп алмау. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) Жапсырудан ойын-жаттығу "Қояндарға құрак көрпе" (ұжымдық жұмыс). Максат-міндеттері. Балаларды тіктөртбұрыш пішінді кескінді үшбұрыштар арқылы толтырып, ою алаңын құрастыруды үйрету; кескіндердің пішінін, түсі мен көлемін ескере	атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)
--	--	--	--	--	--

	үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан. - Балалар, алдарыңда Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың қасынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға дейін жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер. Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейінгі сызықты үзбей жүргізіп отырады. (танымдық дағдылар)	безендіруді үйрету; пішіннің ішкі жағын бірін-бірі ретімен алмастырып тізілген ою элементтерімен толықтыру амалдарын үйрету. Саусақ жаттығуы. "Қолғап". Қане, қолғапты киеміз (алақандарды өзара уқалау), Бір қолды салып көреміз (бір қолмен екіншінісін сипау), Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ, жарап тұр (алақандармен ары-бері қозғау). (сөйлеуді дамыту)	отырып, ою-өрнектерді орналастыру принциптері жөнінде ұғымдар негізін қалау; "Мақтаншақ қоян" ертегісінің мазмұнын пысықтау. Саусақ жаттығуы. Қоян құлағын түріп (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату), Аңнан қашып жүреді (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату). Қашып шыкса жүгіріп (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау), Аяқтарымен соғады (саусақтарды үстел басына тықылдату). (сөйлеуді дамыту)	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен).			

	1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде. 4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспанда күн күлсін	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн нұрындай көңілім,	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты.	"Кім тез жүгіреді?" кимылды ойыны Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ-қол кимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту)

	Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін Жерге ұдайы нұр құйсын. (сөйлеуді дамыту)	Даламдай кен пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым, Қайырымды боламын. (сөйлеуді дамыту)	Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (сөйлеуді дамыту)	керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Бауырсақ әлемі". Максат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапка өз еріктерімен тұру кабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына үйрету.	Дене шынықтыру "Бауырсақ секілді көңілді жүрейік". Максат-міндеттері. Балалардың сапка өз еріктерімен тұру кабілетін жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру дағдыларын әрі қарай дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын жетілдіру.	Музыка "Қоңыр аю қорбанбай". Максат-міндеттері. Балалардың жана энге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту кабілеті мен ырғақты сезіне білу кабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық кимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету.	Дене шынықтыру "Жылан тәрізді болайық". Максат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапка өз еріктерімен тұру кабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын дамыту.	Қазақ тілі "Қыс қызығы". Максат-міндеттері. Қыс мезгілінің тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.

Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау барысына басынан аяғына дейін зейін салып қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, оның аумағында қандай өсімдіктер өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады. Көркем сөз. С. Сейтхазин "Ағаш". Қала да орман, қыр да орман. Сонау алыс жылдардан Өзен бойы, жол бойы	Қарға мен сауысканды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысканның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысканның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсамайтынын байқайды. Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке,	Ауа райы жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Тұман табиғи құбылысы туралы түсініктерін қалыптастыру; мезгілдік құбылыстарды бақылауға, сол құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауды үйрету. "Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай кимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.	Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. Б. Сокпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай,	Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. "Көлік пен торғайлар" кимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын шартына сай кимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар

Орман, орман ырғалған. Қаптай өскен өңірлі Орман қандай өмірлі! Нақтылау: қайсы ағаштар, қасы бұталар, қайсы гүлдер? Гүлзардың жанына тоқтап, ондағы гүлдерді қарастыру. Балалар өсімдіктердің жаз мезгілінде жасыл түсті болатынын аңғарады. Жасыл түс - фотосинтездің (хлорофилл) нәтижесінде пайда болатын құбылыс. Еңбек әрекеті: жолдарды сыпыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Үйректер мен аңшылар" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ұйымшылдыққа, зейінділікке	ұзымтылыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)	Ақсый, сұрсын, қарасын. Қайда қалқып барасын? Жерге нөсер төгемін. Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсен, нөсерлет! Еңбек әрекеті: құмсалғыштағы құмды копсыту. Мақсат-міндеттері. Жұмысты тиянақты орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жабдыктары: тырнауыштар, күрекшелер, қолғаптар. "Біздің бақта құстар ұшады"	Пыр егін ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп. Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ коқыстарды жинап, коқыс жәшігіне тастау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүтіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен	жүтіріп орындарына "ұшарына" бару керек. Ойын 4-5 айналымсы құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) рулсы; "торғайларға" талбалалуыштар. "Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың "жінішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші өтіне балаларды шақырады, суретті көрсетеді, жолдың қандай түту схеміне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жолдың бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтығып қалмау үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Ойынның күрделенуі: құм салынған кішкентай қапшықты алып, қолды белге қойып жүру
--	--	--	--	---

тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдам жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысу, ептілік пен қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала өзіне керекті бояу түсін ешкімге	Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) (Д. Ахметова) "Қаракұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке,	жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз) Максат-міндеттері. Балаларға құстардың қимылдарына еліктеуді үйрету; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Біздің бақта құстар ұшады. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады,	"тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшак тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе бассалады! Тышқанды кім құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп	әдісі. Еңбек әрекеті: қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Максат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Балалардың еркін ойыны.
--	--	--	---	--

айтпай таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес (1, 2, 3) қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып кетіп, қайтадан қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті	ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға алып шыққан материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.	ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп бұтаққа қонады, (төмен отыру) Біресе ұшаққа ұқсап көкке самғайды. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) (Д. Ахметова) "Тауық пен түлкі" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың белгі бойынша. ойын ережесіне сай жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр	кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұрады. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. "Қапшықты кім алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. Еркін ойындар:	
--	--	--	---	--

	айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдеуге болады. Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, кимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлауды, тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Максат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.		аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Максат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.	шығарылған материалдармен ойындар, кимыл-қозғалысты дамыту, секірмежіптен секіру.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді өз қажеттері жайында айтуды машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Геометриялық пішіндер әлемі". Максат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру; сол жақ пен оң жақты бағдарлау, есте сақтау қабілетін жетілдіру, заттардың саны біреу және көп екенін ажырату мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту. Вариативті компонент/Шығармашылық "Алақай, қыс келді!" Максат-міндеттері. Балаларды қыс мезгілінің құбылыстарымен таныстыру; қыс	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Бауырсақтың жолы ("Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау). Максат-міндеттері. Балаларға «Бауырсақ» ертегісінің желісін пысықтау. Ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялау тәртібін үйрету. Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Соқыртеке» ойыны. 3+ Максат-міндеттер. Балаларға кеңістікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін	"Кім жылдам жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру) Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны. Максат-міндеттер.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мақтаншақ қоян". Максат-міндеттері. Балаларды «Мақтаншақ қоян» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталап айтуды үйрету. "Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Тактадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, жылдам тауып беру іскерліктерін жетілдіру. Барысы. Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, мен сендерге қояндардың	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ғажайып бөлме өсімдіктері". Максат-міндеттері. Балалардың бөлме өсімдіктерінің атуан түрлілігіне қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде құрдастарының жауаптарын тыңдауды және гүлдерді аялауды, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. "Гүлдер" имитациялық ойыны. Максат-міндеттері. Ой-қиялды, ойлауды дамыту. Педагогтің айтуы бойынша қимылдарды жасауды үйрету. - Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсындар. - Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). - Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. - Гүл бір күлтесін ашты (оң
---	--	--	---	--	---

мезгілінде шыршаның жасыл болуының себебін түсіндіру; қар туралы білімдерін кеңейту. "Ақшақарлар қалықтай ..." саусақ жаттығуы. Ақшақарлар қалықтай (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету) Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату) Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жакқа бұраңдау) Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жакқа бұраңдау) Мамықтай жерге түсіп, (алақандармен жоғарыдан бұлғап, төмен қарай түсіру) Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге қою)	қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, ойын ережелерін сақтап, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу. Шарты. Балалар ортаға шеңбер құрып тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: «Бота, бұзау, козы, лақ, Қайда кеткен құлыншак. Соқыртеке бак-бак, Мені ізден тап, тап!» - деп, өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыртеке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп, акырын түртіп қалып, жан-жакқа каша жөнеледі. Соқыртеке ұстап алған баланың көзі байланады, енді «соқыртеке» рөлін сол ойнайды. Ойын	Балалардың кимыл шапшандығы мен жылдамдығын дамыту, зейінділікке, ұйымшылдыққа, ойын ережесін сақтап ойнауға тәрбиелеу. Шарты. Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына тақияны білдіртпей тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өз өнерін көрсетеді. (дене шынықтыру)	бірнеше көңіл күйін өнтаңбамен (смайликтер) көрсетемін, соларға (смайликтер) мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріндерші? Педагог еденге қояндардың бірнеше көңі күйін білдіретін өнтаңбаны (смайликтер) жайып береді. Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарап отырып, жылдам тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама береді. Жақсы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.	қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жакқа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. - Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге конды. Педагог балалардың кимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады.
---	--	---	--	--

		осылай жалтаса береді. (дене шынықтыру)			
Балалармен жеке жұмыс	"Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау. Мақсат-міндеттері. "Бауырсақ" ертегісінің желісін шысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуға жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Балалар білетін санамақтарды қайталау.	"Қуырмаш" саясатқа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсак моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балаң үйрек, Орған терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошаканға бар! Сен тұр – құлыншакка бар! Сен тұр – лакка бар! Сен тұр – бұзауканға бар! Сен тұр – ботаңа бар!	"Тыны", "Бақа" тақырып жағатқызу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тыны". "Аңдып тұрған жау жоқ па?!"- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау бірақ жанғақ та. "Бақа". Келсем көлге жакындап, Жағың тынбас бакылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап?! (көркем әдебиет)

				Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Әке мен атаның бала тәрбиесінде алатын орны" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату, балаларды тәрбиелеуде ата- аналарға практикалық көмек беру.	Ата-аналарға кеңес. "Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің" атты тақырыбында әңгімелесу.	"Сіздің баланыз" тақырыбында әңгімелесу.	Балалар салған суреттерінен көрме ұйымдастыру.